в профессионально-ориентированном обучении физике будущих специалистов в сфере воздушного транспорта. Работа выполнена в рамках теоретического исследовательского дизайна без привлечения эмпирических данных. Цель исследования заключается в разработке многоуровневой методики интеграции STEM-образования в содержание курса физики при подготовке специалистов воздушного транспорта, а также в оценке её профессионального потенциала. В ходе исследования проанализированы международные научные публикации по STEM-образованию, теории инженерного образования, а также образовательные программы Академии гражданской авиации, включая «Лётную эксплуатацию самолётов и двигателей», «Обслуживание воздушного движения и аэронавигационное обеспечение», «Лётную эксплуатацию гражданских самолётов (пилот)» и «Лётную эксплуатацию гражданских вертолётчиков (пилот)». На основе анализа содержания дисциплины «Физика» и структуры образовательных программ была систематизирована и дифференцирована карта компетенций обучающихся. В результате теоретического анализа выявлена трёхуровневая структура реализации STEM-подхода, включающая: внутрипредметную интеграцию, междисциплинарную (многопрофильную) интеграцию и социально-профессиональную интеграцию. На первом уровне физические законы рассматриваются в контексте естественнонаучной картины мира. На втором уровне содержание физики интегрируется с математическими методами, цифровыми технологиями и моделированием, с акцентом на решение инженерных задач. Третий уровень ориентирован на формирование профессиональных компетенций, связанных с решением производственных задач в сфере авиации. Предлагаемая методология позволяет рассматривать STEM-образование не только как форму междисциплинарной интеграции, но и как профессионально-ориентированную многоуровневую систему подготовки. Результаты исследования показывают, что интеграция STEM-подхода в преподавание физики способствует развитию аналитических, проектных и цифровых компетенций будущих специалистов авиационной отрасли. Разработанная теоретическая модель может служить основой для формирования инженерного мышления в системе высшего образования и гармонизации содержания обучения с требованиями профессиональной среды.

Ключевые слова: STEM образование, профессионально-ориентированное обучение, методика преподавания физики, подготовка будущих специалистов воздушного транспорта, профессиональная компетентность

Кіріспе. Әуе көлігі саласының цифрлық трансформациясы, кибер-физикалық жүйелердің дамуы және интеллектуалды басқару технологиялары болашақ әуе көлігі мамандарының инженерлік даярлығына жаңа талаптар қояды. Бұл өз кезегінде кәсіби пәндердің теориялық негізін қалайтын пәндердің бірі ретінде физиканы кәсіби-бағдарлы оқытуды жетілдіру

қажеттілігіне әкеледі. Осы мақсатта STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics, ары қарай STEM) білім беру теориялық білімді қолданбалы инженерлік контекспен ұштастыруға мүмкіндік береді (Bybee, 2010). Әуе көлігі саласының болашақ мамандарына инженерлік білім беруде STEM интеграциясы зерттеушілік ойлау мен модельдеу қабілетін дамыту құралы ретінде қарастырылады. Ғылыми зерттеулердің басым бөлігінде STEM білім беруді жалпы инженерлік білім беру және мектепте пәндерді оқытуда немесе K-12 деңгейі контексіне бағытталған. Ал әуе көлігі саласының мамандарын даярлауда физика пәнін кәсіби-бағдарлы оқытуда STEM білім беруді интеграциялау мәселесі теориялық және әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде зерделенбеген. Кәсіби мамандарды даярлаудағы физика пәнін аэродинамикаға, ұшу динамикасына, қозғалыс термодинамикасына бейімделген құрылымдық STEM білім беру әдістемесі қарастырылмаған. Сондай-ақ, жоғары оқу орны деңгейінде кәсіби-бағдарлы физика даярлығында STEM білім берудің теориялық негізі толық жүйеленбеген, оны қолдану көбінесе практикалық сипатта қарастырылады. Ал оның кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы көпдеңгейлі әдістемесі теориялық тұрғыдан жеткілікті қарастырылмаған. Осы анықталған олқылықтарды ескере отырып, бұл мақала болашақ әуе көлігі мамандарын даярлауда физика пәнін STEM білім беру негізінде кәсіби-бағдарлы оқытудың теориялық үлгісін ұсынуды мақсат етеді.

Әдеби шолу. Кәсіби-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы бүгінгі күнде болашақ техникалық мамандарды даярлауда басым бағыттардың біріне айналды. Жоғары оқу орындарында жаратылыстану пәндерін, соның ішінде физиканы оқытудың мазмұны болашақ маманның кәсіби қызметімен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс.

Елімізде жүргізілген ғылыми зерттеулерде кәсіби-бағдарлы оқыту мәселелері терең зерттелген. Қазақстандық ғалымдар А.Е. Абылкасымованың (Abylkassymova, 2000), С.Д. Тыныбекованың (Tynubekova, 2000), ресейлік зерттеушілер Л.В. Васяктың (Vasyak, 2007) және О.М. Калукованың (Kalukova, 2003) еңбектерінде математика пәнін инженерлік мазмұнмен кіріктірудің әдістемелік негіздері қарастырылған. Олардың пікірінше, кәсіби-бағдарлы оқыту студенттердің мотивациясын арттырып, теориялық білімді болашақ кәсіби қызметке бейімдейді.

Ермаганбетова С.К. (Ermaganbetova, 2025) өзінің диссертациялық зерттеуінде болашақ инженерлік мамандық студенттеріне жоғары математика курсы кәсіби-бағдарлы оқытудың мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктерін анықтап, кәсіби есептер жүйесін енгізудің тиімділігін дәлелдейді. Автор кәсіби бағытталған тапсырмалар студенттердің талдамалық ойлауын, модельдеу дағдыларын және инженерлік интуициясын қалыптастыратынын көрсетеді. Бұл тұжырым физиканы әуе көлігі саласына бейімдеп оқытуда да өзекті, деп есептейміз.

Морев А.В. және Тимерзанова И.И. (Morev and Timerzänova, 2024) зерт-

теуіне сәйкес физика пәнін STEM бағытындағы заманауи оқыту әдістерін қолдану техникалық жоғары оқу орындарында білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Бұл тәсіл теория мен практиканы біріктіріп, студенттердің инженерлік ойлауын, зерттеушілік қабілетін және кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарын даярлауда физика пәнін кәсіби міндеттермен байланыстыра оқыту студенттердің теориялық білімін бекітумен қатар, олардың практикалық іскерліктері мен технологиялық процестерді талдау қабілетін қалыптастыратыны дәлелденген (Jusipbekova, 2023). Осындай зерттеу нәтижелері физика пәнінің оқыту әдістемесін STEM-білім беру негізінде әуе көлігінің салалық ерекшеліктеріне сәйкестендірудің тиімді жүзеге асыруға болатынын дәлелдейді. STEM-білім беру тұжырымдамасы алғаш рет АҚШ-та енгізіліп, кейіннен Еуропа мен Азия елдерінде кең таралды. Ал STEAM-моделінің (Art компонентін қосу арқылы) пәнаралық интеграцияны жетілдіретіні, инженерлік ойлау мен шығармашылық қабілетті қатар дамытуға ықпал ететіні дәлелденген (Zhumbabay et al., 2024). Зерттеушілер теориялық білімді практикалық жобалау әрекетімен байланыстыруды STEM білім берудің басты артықшылығы ретінде атап өтеді.

Alpers (2010) инженерлік білім беруде математикалық және физикалық модельдеу, проблемалық оқыту, жобалау әрекеті және цифрлық симуляцияларды қолданудың маңыздылығын дәлелдейді. Әсіресе, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда «оқыту арқылы зерттеу» және «контекстік оқыту» тәсілдері нәтижелі екені көрсетілген. Осы ғылыми тұжырымдар STEM білім беру тұжырымдамасының мазмұнымен тікелей сабақтасады. Өйткені STEM интеграциясы теориялық білімді нақты өндірістік және технологиялық контексте қолдануға мүмкіндік береді. Цифрлық трансформация жағдайында бұл тәсіл білім алушылардың пәндік білімін тереңдетумен қатар, олардың инженерлік ойлауын, модельдеу дағдыларын және деректерді талдау қабілетін дамытуға бағытталады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын дамытуға ерекше мән берілуі STEM технологияларын жүйелі енгізудің институционалдық негізін қалыптастырды (Education and science development program, 2023). Білім беру ұйымдарын кеңжолақты интернетпен, бұлтты технологиялармен және цифрлық жабдықтармен қамтамасыз ету STEM тәсілін практикалық деңгейде жүзеге асыруға жағдай жасалды. Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында адами капиталды дамыту, жасанды интеллект негіздерін мектептен бастап оқыту және педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру қажеттілігі атап көрсетілді (Тоқаев, 2025). Аталған нормативтік құжаттар мен бастамалар STEM білім

берудің тек педагогикалық инновация емес, ұлттық деңгейдегі стратегиялық басымдық екенін айқындайды. Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерін талдау нәтижесі STEM білім берудің қазіргі білім жүйесін жаңғыртудың стратегиялық бағыты ретінде болып отырғанын көрсетті. Зерттеулерде STEM білім беру цифрлық технологиялармен тығыз байланыста дамып, білім алушылардың ғылыми, инженерлік және технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігіне назар аударады. А. Абылкасымова және басқаларының (Abylkassymova et al., 2026) зерттеулері STEM-білім беруді цифрлық технологиялармен интеграциялау оқу үдерісінің тиімділігін айтарлықтай арттыратынын дәлелдеп, STEM-білім беру сапалы білім берудің маңызды құралы ретінде қарастырады. Сонымен қатар, lesson study сияқты кәсіби даму бағдарламалары мұғалімдердің әдістемелік дайындығын арттырып, STEM оқытудың тиімділігін жоғарылатады (Abylkassymova et al., 2024). Жалпы алғанда, STEM білім беру Қазақстанда инновациялық экономикаға қажетті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың маңызды құралы ретінде қарастырылады.

Әлемдік тәжірибе де STEM білім беруді енгізудің өзектілігін дәлелдейді. Австралия, АҚШ, Ұлыбритания, Корея және Қытай сияқты елдерде К–12 деңгейінде пәнаралық және интегративті оқу бағдарламалары әзірленіп, білім алушылардың болашақ кәсіби қызметін STEM салаларымен байланыстыруға бағытталған (Lyu et al., 2022). Мұндай модельдер еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделген, сыни ойлайтын және технологиялық құзыретті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Осылайша, инженерлік білім беру саласындағы халықаралық зерттеулер мен ұлттық цифрлық даму стратегиялары STEM білім беруді енгізудің объективті қажеттілігін негіздейді. STEM тәсілі кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы ретінде білім беру мазмұнын жаңғыртудың ғылыми-әдіснамалық негізін құрайды.

Ғылыми зерттеулерде цифрлық зертханалар мен симуляциялық модельдердің рөлі ерекше көрсетіледі. Мысалы, инженерлік пәндерде әдіс соңғы элементтер (МКЭ) мен компьютерлік модельдеу құралдарын пайдалану студенттердің күрделі физикалық процестерді сандық тұрғыдан талдау қабілетін арттырады (Ermaganbetova, 2025). Бұл тәсіл авиация саласының болашақ мамандарын даярлауда физика пәнінде аэродинамика, беріктік теориясы, тербелістер және навигациялық жүйелерді зерттеуде аса маңызды. Жалпы алғанда, әдебиеттерді талдау STEM білім беруді кәсіби-бағдарлы оқытудың тиімді құралы екенін көрсетеді. Дегенмен, әуе көлігі мамандарын даярлау контексінде физиканы STEM негізінде жүйелі түрде ұйымдастыру мәселесі арнайы зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты, әуе көлігі мамандарын даярлау барысында физиканы оқытуда STEM білім беруді қолдану болашақ авиация саласы инженерлерінің аэродинамикалық ойлауын, модельдеу дағдыларын және техникалық есептеу құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды болып табылады.

Халықаралық азаматтық авиация ұйымдарының деректеріне сәйкес, заманауи әуе көлігі жүйелері жоғары автоматтандырылған, деректерге негізделген және күрделі техникалық құрылымдардан тұрады. Бұл жағдай болашақ әуе транспорты мамандарының физикалық заңдылықтарды терең түсінуін ғана емес, оларды нақты инженерлік міндеттерді шешуде қолдана алу қабілетін талап етеді. Осыған байланысты физиканы кәсіби-бағдарлы оқытуда STEM-технологиясын қолдану ерекше маңызды. STEM білім беруде іргелі физикалық ғылыми білім әуе транспорты саласының қолданбалы инженерлік-техникалық міндеттерімен терең ықпалдастырылып қарастырылады. Яғни физика тек абстрактілі теориялар жиынтығы ретінде емес, нақты авиациялық жүйелердің жұмыс істеу механизмдерін түсіндіретін және кәсіби пәндерді меңгерудің әдіснамалық негізін құрайтын ғылым ретінде қарастырылады (Bazhutina and Ronzhina, 2024).

Зерттеулер көрсеткендей, авиациялық жоғары оқу орнында физика курсы болашақ мамандардың кәсіби даярлығының іргетасы қызметін атқарады. Ол аэродинамика, ұшу динамикасы, әуе кемелерін техникалық пайдалану, авиациялық электроника және навигациялық жүйелер сияқты арнайы пәндерді игерудің теориялық негізін қамтамасыз етеді (Ualikhan et al., 2025). Осы тұрғыдан алғанда, STEM-технологиясын енгізу физикалық заңдылықтарды авиациялық процестермен байланыстыра отырып оқытуға мүмкіндік береді. Олай болса, STEM-технологиясын енгізу болашақ әуе транспорты мамандарын даярлауда физика пәні ұшу динамикасының механикалық негіздері, аэродинамика, реактивті қозғалтқыштардың термодинамикасы, электромагниттік навигациялық жүйелер, радиолокация және оптикалық аспаптар сияқты кәсіби мазмұнмен тығыз байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының STEM білім беру тұжырымдамасында пәнаралық байланыс ғылым, технология, инженерия және математиканы оқшау пәндер жиынтығы ретінде емес, өзара әрекеттесетін тұтас білім парадигма ретінде ұйымдастыруды көздейтіні атап көрсетілген (Altynsarin NAE, 2023). STEM білім берудің пәнаралық байланысы мазмұндық және құрылымдық интеграцияның көпдеңгейлі моделіне негізделеді. Яғни, білім беру процесін пәндік оқшауланудан жүйелік өзара әрекеттестікке көшіруді көздейді және өзара байланысты үш деңгейде жүзеге асырылады.

Бірінші деңгей – пәнішілік интеграция. Пәнішілік интеграция деңгейінің мақсаты білім алушының ғылыми дүниетанымын жүйелі қалыптастыру және физикалық заңдардың әмбебаптығын көрсетуді көздейді. Бұл деңгейде физикалық заңдар жаратылыстану ғылымдарының контекстінде қарастырылады. Мысалы, аэродинамикалық құбылыстарды түсіндіру кезінде механика, термодинамика және молекулалық физика заңдылықтары кешенді түрде талданады.

Екінші деңгей – көппәндік интеграция. Бұл деңгейде физика мазмұны математика және цифрлық технологиялармен кіріктіріледі. Атап айтқанда,

science – физикалық заңдылықтарды түсіндіруді, mathematics – параметрлік талдауды, функциялар мен векторлық модельдерді қолдануды, technology – симуляциялар мен сандық модельдеуді, engineering – профильді өзгерту, құрылымдық оңтайландыруды көздейді. Деңгей теориялық білімді есептеу, модельдеу және инженерлік талдау дағдыларымен ұштастыруға бағытталады.

Үшінші деңгей – әлеуметтік-кәсіби интеграция. Деңгейдің мақсаты физикалық білімді кәсіби әрекет құралына айналдыру және болашақ маманның инженерлік ойлауын қалыптастыру болып табылады. Осы деңгейде білім мазмұны нақты өмірлік жағдаяттармен және өндірістік міндеттермен ұштастырып қарастырылады. STEM жобалардың практикалық сипаты оқу нәтижелерін кәсіби қызмет контекстінде қолдануға мүмкіндік береді. Мұнда оқыту тек теориялық білім берумен шектелмей, нақты әлеуметтік, технологиялық немесе экологиялық мәселелерді шешуге бағдарланады. Соның нәтижесінде білім алушыларда кәсіби бағдар, функционалдық сауаттылық және болашақ еңбек нарығы талаптарына бейімделу қабілеті қалыптасады.

Олай болса, STEM білім беру пәндік шекараларды кеңейтеді, оқу процесін жобалық-зерттеушілік сипатқа көшіреді.

Жолымбаев О.М. және әріптестері (Zholymbaev et al., 2021) өздерінің зерттеуінде STEM білім беру цифрландыру жағдайында ұлттық білім беру жүйесінің стратегиялық бағыты ретінде қарастырылып, оны тиімді енгізу ең алдымен жоғары оқу орындарының деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс екені негізделеді. Авторлар STEM білім беру аясында құзыреттерді қалыптастыру, мектеп пен университет арасындағы мазмұндық алшақтықты жою, ғылыми-педагогикалық кадрларды жаңа форматта даярлау және университет–мектеп–индустрия серіктестігін дамыту қажеттігін атап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, STEM технологияларын ЖОО-да жүйелі енгізу – бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялық ортада жұмыс істей алатын мамандар даярлаудың негізгі шарты болып табылады.

STEM-білім беру тұжырымдамасы ғылым, технология, инженерия және математиканы интеграциялау арқылы практикалық-бағдарлы оқыту моделін ұсынады (Bybee, 2010). Сонымен қатар, STEM интеграциясы пәнаралық байланыстарды нығайтып, студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамытады.

Материалдар мен негізгі әдістер. Болашақ әуе көлігі мамандарын даярлауда физиканы кәсіби-бағдарлы оқыту процесінде STEM білім беруді қолдану әдістемесінің негізін конструктивистік оқыту теориясы, тәжірибелік және контекстік оқыту тұжырымдамасы, сондай-ақ инженерлік жобалау парадигмасын құрайды.

Конструктивистік оқыту теориясы білім алушының жеке тәжірибесі, әлеуметтік өзара әрекеттесуі және рефлексиясының нәтижесінде білімді белсенді түрде құрастыруын көздейді. STEM тұжырымдамасы білім алушыларға физикалық заңдарды дайын формулалар ретінде емес,

зерттеу, модельдеу және эксперимент арқылы өздігінен ашуға мүмкіндік бергендіктен, конструктивистік оқытудың қағидаттарына толық сәйкес келеді. Синди Хмело-Сильвер және басқалары (Hmelo-Silver et al., 2007) Инженерлік және техникалық білім беру саласында проблемалық оқытудың күрделі ғылыми ұғымдарды терең түсінуге мүмкіндік беретінін эмпирикалық тұрғыда негіздеді. STEM білім беруге негізделген жобалар студенттерге аэродинамика, энергия алмасу, механика заңдарын контекстік ортада зерттеп, модельдеу арқылы заңдылықтарды өздерінің тұжырымдауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, конструктивизм цифрлық симуляция құралдарымен ұштастырылғанда оқу тиімділігі арта түседі. Әуе көлігі саласының мамандарын даярлаудағы физика контекстінде бұл тәсіл Бернулли теңдеуін, көтеруші күш механизмін немесе ұшу динамикасын тек формула арқылы емес, виртуалды зертханалар арқылы игеруге мүмкіндік береді.

Колб (Kolb, 1984) тәжірибелік оқытуды жүйелеп, оқу циклін келесі төрт кезеңнен қарастырды: нақты тәжірибе → рефлексия → теорияны түсіндіру → белсенді эксперимент. Әуе көлігі саласында меңгерілетін физикада бұл цикл нақты авиациялық есеп (мысалы, ұшу кезінде қанат профилінің әсері) → нәтижені талдау → теориялық заңдылықты түсіндіру → параметрді өзгертіп қайта есептеу арқылы жүзеге асады.

Контекстік оқыту теориясы бойынша білім мазмұны нақты кәсіби жағдаймен байланыстырып ұсынылады (Verbitsky, 2017). Жоғары техникалық білім беру саласындағы зерттеулер контекстік есептер студенттердің пәнге қызығушылығын арттырып, білімді жаңа жағдайда қолдану қабілетін дамытатынын дәлелдеген. Сонымен қатар ерттеулерде STEM білім беруді қолдану нақты кәсіби мәселелерді шешуге бағытталғанда ғана тиімді болатыны айтылады. Авиациялық салада бұл тәсіл нақты ұшу параметрлерін есептеу, қозғалтқыштың энергетикалық тиімділігін талдау немесе навигациялық жүйелердің сенімділігін бағалау арқылы жүзеге асады.

STEM білім берудің негізі ретінде инженерлік жобалауда білім алушылардың инженерлік ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «модельдеу → талдау → модификация → қайта есептеу» циклі қолданады. Зерттеулерде инженерлік жобалау ойлау процесінің ерекшелігін сипаттай отырып, инженерлік білім беруде итеративті талдаудың шешуші рөл атқаратынын көрсеткен. Кехлер және Мишра (Koehler and Mishra, 2009) мұғалімнің технологияны тиімді қолдану үшін үш білім түрін үйлестіру (TRACK) теориясында технологияны пәннің мазмұны және оқыту әдістемесімен үйлескенде ғана оқу нәтижесі жоғары болатынын дәлелдейді. Авиациялық физика жағдайында «аэродинамикалық профиль құру → симуляция арқылы талдау → параметрді өзгерту → қайта есептеу → тиімді нұсқаны тандау» циклі арқылы жүзеге асады. Бұл тәсіл болашақ әуе көлігі мамандарының жүйелі ойлау, техникалық талдау, инженерлік шешім қабылдау, цифрлық модельдеу дағдыларының қалыптастыруына ықпал етеді.

Аталған зерттеу эмпирикалық деректер жинауға емес, теориялық және

тұжырымдамалық талдауға негізделді. Зерттеудің негізгі мақсаты болашақ әуе көлігі саласының мамандарын даярлауда физиканы кәсіби-бағдарлы оқытудың STEM білім беру негізіндегі көпдеңгейлі құрылымын теориялық тұрғыдан анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында STEM білім беру саласындағы халықаралық ғылыми еңбектер талданды. Инженерлік білім беру теориясының негізгі тұжырымдамалары қарастырылды. Сонымен қатар, Азаматтық авиация академиясының «B167-Ұшақтардың және қозғалтқыштардың ұшуды пайдалануы» білім бағдарламасы, соның ішінде «Әуеқозғалысына қызмет көрсету және аэронавигацияны қолдау», «Азаматтық ұшақтарды ұшуды пайдалану (ұшқыш)», «Азаматтық тікұшақтарды ұшуды пайдалану (ұшқыш)» білім бағдарламаларының оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді. Аталған бағдарламалар шеңберіндегі физика пәнінің мазмұндық құрылымы жүйелі түрде зерделенді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушыларда қалыптасатын құзыреттер картасы сараланды. Талдау нәтижесінде физика пәнінің мазмұны мен авиациялық кәсіби дайындық арасындағы байланыс айқындалды. STEM технологияларын енгізу арқылы пән мазмұнын кәсіби контексте жетілдіру мүмкіндігі негізделді. Аталған дереккөздерді талдау мен зерделеу STEM білім берудің қолдануды кәсіби контексте жүзеге асыру механизмдерін айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдебиеттерді талдау, физика пәнін STEM білім беру тұрғысынан ұйымдастырудың құрылымдық деңгейлерін анықтау, физикалық есептерді әуе көлігі саласына сай STEM білім беру құрылымында модельдеу, теориялық талдау нәтижесінде болашақ мамандарға физиканы STEM білім беру негізінде оқытудың көпдеңгейді әдістемелік үлгісі ұсыну кезеңдері арқылы жүзеге асты. Болашақ әуе көлігі саласының мамандарын даярлауды физиканы STEM білім беру негізінде кәсіби-бағдарлы оқытудың әдістемелік үлгісі өзара байланысты үш деңгейден – пәнішілік, көппәндік және әлеуметтік-кәсіби (транспәндік) интеграциядан тұрады. Осылайша, STEM білім беруді қолданудың көпдеңгейлі әдістемесі әуе көлігі саласында маман даярлауда физиканы кәсіби-бағдарлы оқытудың теориялық негізін қалыптастырады.

Нәтижелер. Авиация – физиканың классикалық заңдарына негізделген күрделі инженерлік жүйе. Сондықтан жалпы физика курсына авиация саласына қатысты есептерді STEM тәсілімен ұйымдастыру теориялық білімді кәсіби бағыттылықпен ұштастырады. Осы мақалада қанаттағы көтергіш күшті есептеу мысалы қарастырылып отыр.

1-мысал. Ауа тығыздығы $\rho = 1,225 \text{ кг/м}^3$. Ұшақ қанаты арқылы өтетін ауа ағынының жылдамдығы $v = 60 \text{ м/с}$. Қанаттың тиімді ауданы $S = 16 \text{ м}^2$. Берілген аэродинамикалық жағдайда көтергіш күш коэффициенті $C_L = 0,8$. Ұшақ қанатына әсер ететін көтергіш күштің шамасын анықтаңыз.

Шешуі:

Көтергіш күш формуласы:

$$F_k = \frac{1}{2} \rho v^2 S C_L$$

мұндағы ρ – ауа тығыздығы, v – ағын жылдамдығы, S – қанат ауданы, C_L – көтергіш күш коэффициенті.

Шамалардың сан мәндерін орнына қойып, есептеп, көтергіш күштің мәнін анықтаймыз $F_k = 28,2 \text{ кН}$

Осы қарастырылған есепті кешенді талдау мен шешудің әдіснамалық негізін STEM интеграциясы авиацияға қатысты құрайды.

Science компоненті аясында зерттеу Бернулли теңдеуіне негізделеді. Қанат профилі үстіндегі және астындағы ауа ағынының жылдамдық айырмасы қысым айырмасын тудырады, бұл өз кезегінде көтергіш күштің пайда болуына әкеледі. Бернулли теңдеуі:

$$p + \frac{1}{2} \rho v^2 = const$$

формуласы арқылы ағын жылдамдығы артқан аймақта статикалық қысымның төмендейтіні дәлелденеді. Осы заңдылықты қолдану арқылы қанаттың аэродинамикалық қасиеттері ғылыми тұрғыдан түсіндіріледі. Яғни, физикалық модель зерттеудің теориялық негізін қалыптастырады.

Technology компоненті зерттеуді сандық модельдеу деңгейіне көшіреді. Ansys бағдарламасының симуляциясы арқылы қанат профилінің айналасындағы ағын құрылымы, қысым өрісі және жылдамдық векторлары визуализацияланады. Сандық есептеу әдістері тәжірибелік өлшеулермен салыстыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде физикалық құбылысты тек сапалық емес, сандық тұрғыдан да талдау жүзеге асады. Бұл кезеңде деректерді өңдеу, графиктер құру және модельдің сәйкестігі тексеріледі.

Төменде Ansys және Solid works бағдарламаларында орындалған ұшақ қанатына әсер ететін көтергіш күштің шамасын анықтау кезеңдері ұсынылды (<http://airfoiltools.com/airfoil/details?airfoil=n0012-il>)

Бірінші кезең – Solid works бағдарламасында шекаралық шарттарды беру арқылы физикалық процесті құру. 1-суретте көрсетілгендей бағдарламаның бірінші бетінде практикалық тапсырмаға арналған




Сурет 1 — Шекаралық шарттарды беру арқылы физикалық процесті құру қадамдары


модельдің дайын нүкте мәндерін алып, Solid works бағдарламасы арқылы қанаттық модель құрылады. Осы қанаттың сыртын төртбұрышпен қаптап, екі денені біріктіреді. Бұл есепті шешу үшін төртбұрыштың қабырғаларына шекаралық шарттарды беру арқылы физикалық процес құрылады.

Екінші кезең – Solid works бағдарламасынан дайын модельді Ansys бағдарламасына аудару.


Дайын фигураға итерация әдісімен шешу үшін торлар құрамыз (2 а, ә, б, в суреттер). Бұл mesh бөлімі арқылы жасалады. Қанаттың сыртындағы төртбұрышқа шекаралық шарттар енгізіледі.




Сурет 2 а — Тор құрудың бірінші қадамы



Сурет 2 ә — Тор құрудың екінші қадамы



Сурет 2 б — Тор құрудың үшінші қадамы




Сурет 2 в — Тор құрудың төртінші қадамы


Мұнда 174047 тор құрылды, бұл 3 гб орын алады. Тор қаншалықты дұрыс әрі көп болған сайын есептің жауабы нақты шешімге жақындай түседі. Торды дұрыс құру есепті шынайы етеді.

Осы кезеңмен есепті шығару қажетті цифрлық модельдеу аяқталады.

Үшінші кезең – есепті физикалық тұрғыдан қарастыру кезеңі. Бастапқыда берілген шекаралық шарттарға физикалық шамалардың мәнін беріледі, сол жағынан белгілі бір жылдамдық жүргізіп, астыңғы және жоғарғы шекаралық шарттарын ашық қалдырылады (3 а, ә – сурет).




сурет 3 а — Шекаралық шарттарды анықтау



сурет 3 ә — Астыңғы және жоғарғы шекаралық шарттар


Төртінші кезең – физикалық шамалар арасындағы тәуелділік графигін салу кезеңі. Физикалық шамалардың мәндері және есептің шарттарын енгізілгеннен кейін – физикалық шамалар арасындағы тәуелділік графигін алынады. Ұшақ қанатына әсер ететін көтергіш күштің графигі 4-суретте берілді.




Сурет 4 — Физикалық шамалар арасындағы тәуелділік графигері

Мұнда ұшақ қанатына әсер ететін көтергіш күштің O_x , O_y , O_z , өстері арқылы көрсетілген графигі сызылды, жасыл түсті график ұшақ қанатына әсер ететін көтергіш күш.

Бесінші кезең – жылдамдық векторы, әсер етуші күштерді визуализациялау, талдау кезеңі




Сурет 5 — Жылдамдықтың таралуы



Сурет 6 — Жылдамдық векторы

Қысым бойынша ең аз қысым қанаттың басында болады, ал ең көп қысым қанаттың астында болады.



Сурет 7 — Қысымның әсері

Ұшақ қанатына әсер ететін көтергіш күштің мәнін арнайы калькулятор арқылы есептеп шығара аламыз.

Осылайша, STEM интеграциясы бір ғана формуланы қолданумен шектелмей, ғылыми заңдылықты түсіндіруден бастап, сандық модельдеу, инженерлік жобалау және статистикалық талдауға дейінгі толық циклді қамтиды. Мұндай тәсіл студенттердің теориялық білімін авиациялық қолданбалы міндеттермен ұштастырып, зерттеушілік және инженерлік ойлауын жүйелі түрде дамытады.

Engineering компоненті теориялық және сандық нәтижелерді практикалық шешімге айналдырады. Қанат профилінің геометриялық параметрлері (қалыңдық, камбер, шабуыл бұрышы) өзгертіліп, олардың көтергіш күш коэффициентіне әсері бағаланады. Инженерлік тұрғыда ең тиімді профиль таңдалып, аэродинамикалық тиімділік пен құрылымдық беріктік арасындағы оңтайлы баланс анықталады. Бұл кезеңде итерациялық жобалау принципі іске асырылады: модель → талдау → өзгеріс → қайта есептеу.

Mathematics компоненті барлық процестің аналитикалық негізін қамтамасыз етеді. Параметрлік талдау барысында көтергіш күш формуласы:

$$L = \frac{1}{2} \rho v^2 S C_L$$

бойынша айнымалылардың (жылдамдық, аудан, тығыздық, коэффициент) әсері жүйелі түрде зерттеледі. Жылдамдықтың квадратына тәуелділік, регрессиялық талдау, қателік бағалау және сенімділік интервалдары есептеледі. Математикалық модельдеу нәтижелері физикалық теория мен инженерлік шешімдердің дәлдігін негіздейді.

Осылайша, STEM интеграциясы бір ғана формуланы қолданумен

шектелмей, ғылыми заңдылықты түсіндіруден бастап, сандық модельдеу, инженерлік жобалау және статистикалық талдауға дейінгі толық циклді қамтиды. Мұндай тәсіл студенттердің теориялық білімін авиациялық қолданбалы міндеттермен ұштастырып, зерттеушілік және инженерлік ойлауын жүйелі түрде дамытады.

Талқылау. Ұсынылған көпдеңгейлі әдістеме әуе көлігі саласы мамандары даярлауда меңгерілетін физика пәнін болашақ кәсіби әрекеттің функционалдық құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ұстаным STEM білім берудің қазіргі парадигмасымен үйлеседі, себебі заманауи зерттеулер ғылым мазмұнын нақты инженерлік және технологиялық контекстермен байланыстыру білім алушылардың мотивациясын және физика пәнінен меңгерген білімін жаңа жағдайды қолдану қабілетін арттыратынын көрсетеді (Bybee, 2013). Физика пәнінің мазмұнын әуе көлігі саласының өндірістік міндеттер арқылы оқыту теория мен практика арасындағы алшақтықты азайтып, пәннің кәсіби маңызын айқындайды, деп есептейміз.

Екінші жағынан, әдістеме инженерлік ойлауды жүйелі қалыптастыруды жүзеге асырады. Инженерлік дизайн циклі (мәселені анықтау – модельдеу – сынақтан өткізу – оңтайландыру) оқу үдерісіне кіріктіру арқылы білім алушылардың талдау, синтез және бағалау деңгейіндегі ойлау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, цифрлық модельдеуді (симуляциялар, параметрлік талдау, сандық есептеу) енгізу білім алушылардың цифрлық сауаттылық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, әдістеме білім алушылардың болашақтағы кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Контекстік оқыту тұжырымдамасына негізделген білім беру оқу нәтижелерін нақты кәсіби әрекет контексінде қарастыруды талап етеді (Verbitsky, 2017). Азаматтық авиация академиясының білім беру бағдарламасына сай меңгерілетін физика пәнінің мазмұнын өндірістік жағдаяттармен байланыстыру білім алушылардың кәсіби шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

Осылайша, ұсынылған әдістеме әуе көлігі саласының мамандарына физиканы кәсіби-бағдарлы оқытуға STEM білім беруді қолдану бойынша теориялық тұрғыдан негіздейді. Сонымен қатар, әдістеме физика пәнінің мазмұнын жалпы пәнаралық құрылымнан нақты салалық, біздің жағдайда әуе көлігі саланың кәсіби үлгісіне көшіруді ұсынады. Бұл өз кезегінде азаматтық авиация академиясында STEM білім беруді қолдануға әдіснамалық негіз қалыптастырады.

Қорытынды. Зерттеу барысында болашақ әуе көлігі мамандарын даярлауда жалпы физика курсына STEM білім беру негізінде кәсіби-бағдарлы ұйымдастырудың теориялық-тұжырымдамалық үлгісі негізделді. Зерттеу эмпирикалық деректер жинауға емес, теориялық құрылымдық сипатта теориялық талдауға сүйенді. Талдау барысында STEM білім беруге қатысты

шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері, кәсіптік бағдарлы білім беру теориялары және Азаматтық авиация академиясының бірқатар білім беру бағдарламаларының оқу нәтижелері, физика пәнінің мазмұндық құрылымы мен құзыреттер картасы жүйелі түрде сараланды. Нәтижесінде STEM білім берудің қолдануды жүзеге асырудың үш деңгейлі құрылымы айқындалды: пәнішілік интеграция (физикалық заңдарды жаратылыстану контекстінде кешенді түсіндіру), көппәндік интеграция (математика, цифрлық модельдеу және инженерлік есептермен кіріктіру), әлеуметтік-кәсіби интеграция (оқуды нақты авиациялық өндірістік міндеттермен байланыстырып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру).

Ұсынылған әдістеменің нәтижелілігі әуе көлігі саласына негізделген физикалық есептерді STEM логикасымен құрастыру арқылы көрсетілді. Атап айтқанда, көтергіш күшті есептеу мысалында Science компоненті Бернулли заңдылығын түсіндіруді, Technology – CFD/симуляция арқылы сандық талдауды, Engineering – профильді модификациялау мен итерациялық жобалауды, Mathematics – параметрлік және қателік талдауын қамтамасыз ететіні дәйектелді. Бұл құрылым физиканы абстрактілі пән емес, авиациялық инженерлік ойлау мен кәсіби шешім қабылдаудың функционалдық құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

STEM білім беруді әуе көлігі саласының кәсіби контекстіне бейімдейтін көпдеңгейлі теориялық үлгінің ұсынылуы және ЖОО деңгейіндегі кәсіби-бағдарлы физикаға қатысты анықталған олқылықтарды жүйелі негізделу зерттеудің ғылыми маңыздылығын айқындайды. Ал, Азаматтық авиация академиясы жағдайында физика курсына қайта жобалауға, құзыреттілікке бағытталған тапсырма үлгісін әзірлеуге, цифрлық модельдеу мен инженерлік дизайн циклін оқу процесіне енгізуге әдіснамалық негіздің ұсынылуы зерттеу жұмысының болашақ әуе көлігі мамандарын даярлаудағы практикалық маңыздылығын көрсетеді. Болашақ зерттеулерде ұсынылған әдістемені педагогикалық эксперимент арқылы тексеру, оқу жетістіктерін өлшейтін индикаторлар мен рубрикаларды әзірлеу, сондай-ақ сандық модельдеу құралдарын пән бағдарламасына жүйелі енгізудің тиімді жолдарын анықтау жоспарланады. Алдағы уақыттағы зерттеулерімізде ANSYS бағдарламасында зерттелетін виртуалды зертхана жасау – яғни CFD (Computational Fluid Dynamics) есептеулерін орындауға арналған жинақтармен жасалатын демонстрациялық тәжірибелерді басқа да мүмкіндіктерін көрсету арқылы толықтырып, толыққанды оқу кешенін дайындауды мақсат етіп отырмыз.

References

Bybee R.W. (2010) What is STEM Education? *Science*, 329(5995). — 996 p. DOI: <https://doi.org/10.1126/science.1194998> (in English).

Abylkassymova A.E., Dobrica V.P., Tynybekova S.D. *Metodicheskie osnovy proektirovaniya tekhnologii obucheniya matematike v tekhnicheskom VUZe*. [Methodological foundations for designing a technology for teaching mathematics in a technical university] – Almaty, 2000. — 88 p. (in Russian).

Vasyak L.V. Formirovanie professional'noj kompetentnosti budushchih inzhenerov v usloviyah integracii matematiki i specdisciplin sredstvami professional'no orientirovannyh zadach [Formation of professional competence of future engineers in the context of integration of mathematics and specialized disciplines by means of professionally oriented tasks]: avtoref. dis. ... kand. ped. nauk. —Omsk, 2007. — 170 p. (in Russian).

Tynybekova S.D. Professional'no-pedagogicheskaya napravlenost' matematicheskoy podgotovki studentov tekhnicheskikh vuzov [Professional and pedagogical focus of mathematical training of students of technical universities]. – Diss. ... d-ra ped nauk.– Almaty, 2000. (in Russian).

Kalukova O.M. Sistema professional'no orientirovannoy podgotovki studentov tekhnicheskikh vuzov (na materiale izucheniya vysshej matematiki) [A system of professionally oriented training for students of technical universities (based on the study of higher mathematics)]: Diss. kand. ped. nauk. Saratov, 2003. — 140 p. (in Russian).

Ermaganbetova S.K. Soderzhanie i metodicheskie osobennosti professional'noorientirovannogo obucheniya kursu vysshej matematiki studentov inzhenernyh special'nostej [Content and methodological features of professionally oriented teaching of higher mathematics for engineering students]: diss ... PhD. — Almaty, 2025. —148 p. (in Russian).

Morev A.V., Timerzhanova I.I. Sovremennye metody prepodavania fiziki v tekhnicheskoy vuzov [Modern methods of teaching physics at technical university]. Education. Science. Scientific personnel, 2024. — № 2. — P. 314-318 <https://doi.org/10.24412/2073-3305-2024-2-314-318> (in Russian).

Jusipbekova Ş.E. Medisinalyq joǵary oqu oryndarynda «Elektrotehnika jáne elektronika negizderi» pánin oqytu ádistemesi [Methodology of teaching the subject "Fundamentals of Electrical Engineering and Electronics" in medical universities]: PhD ... diss. — Almaty, 2023. — 150 b. (in Kazakh).

Zhumabay N., Varis S., Abylkassymova A., Balta N., Bakytказы T., Bowen G. M. (2024). Mapping the Kazakhstan STEM Education Landscape: A Review of National Research. *European Journal of STEM Education*, 9(1), 16. <https://doi.org/10.20897/ejsteme/15576> (in English).

Alpers, B. (2010). Studies on the mathematical expertise of mechanical engineers, *Journal of Mathematical Modeling and Application*. — Vol.1. — No. 3. — P. 2-17. https://www.sefi.be/wp-content/uploads/2021/04/Workplace_Mathematics_SEFI_final.pdf

Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi jáne ǵylymdy damyudyń 2020-2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy. QR Úkmetiniń 27.12.2019 j. № 988 qaulysy [State Program for the Development of Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 27.12.2019 No. 988. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>(in Kazakh).

«Jasandy intellekt dáurindegi Qazaqstan: ózekti máseleler jáne ony tübegeili sifrlıyq ózgerister arqyly şeşu» Memleket basşysy Qasym-Jomart Toqayevtyń 2025 jylǵy 8 qyrkúiektegi Qazaqstan halqyna Joldaıy. [Kazakhstan in the era of artificial intelligence: current issues and their solution through radical digital transformations" Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan on September 8, 2025] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1

Abylkassymova A., Jumabai N., Umirhanov A. (2026). STEM bilim beru jaǵdayında matematika sabaǵynda sifrlıyq tehnologialardy qoldanudyń tiimdiligi [Effectiveness of Using Digital Technologies in Mathematics Lessons within STEM Education] *Journal of Educational Sciences*, 86(1). — P. 82–95. <https://doi.org/10.26577/JES86120267> (in Kazakh).

Abylkassymova A., Japashov N., Zhumabay N., Sandybayev E. Use of the lesson study professional development program by both STEM and NON-STEM teachers in the educational process THE BULLETIN OF THE ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 2024. — №. 1. — P. 22-32 <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.654>.

Lyu Q., Chiang F.-K., Davis J.P. (2022). Teacher's experiences of STEM education in China: New directions for professional learning. *International Journal of Engineering Education*, 38(2). — P. 491-504 <https://eprints.qut.edu.au/228479/> (in English).

Bazhutina R. A., Ronzhina N. V. Podgotovka sovremennogo pedagoga v oblasti STEM-

obrazovaniya [Training a modern teacher in the field of STEM education] Rossijskij gosudarstvennyj professional'no-pedagogicheskij universitet URL https://elar.uspu.ru/bitstream/ru-uspu/46487/1/978-5-91256-678-3_2024_011.pdf (in Russian).

Üälihan A.Ş., Skakov M.K., Ramankulov Ş.J., Choruh A. Bılım beru baǵdarlamalarynda STEM elementterin integrasialau tǵjıribesı [Experience integrating STEM elements into educational programs]// *Bulletin of Abai KazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences.* 91, 3 (Sep. 2025). — P. 319–334. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2025.91.3.029>. (in Kazakh).

Koncepciya STEM-obrazovaniya (2023) [The concept of STEM education] <https://uba.edu.kz/storage/app/media/1.84%2084848484%20%20RUS.pdf> . (in Russian).

ZHolyмбаev O.M., E.T. Abil'mazhinov E.T., K.O. SHakerhan K.O., Ontagarova D.R., Sadykova R.A. (2021) *Prioritetnye Aspekty vnedreniya STEM obrazovaniya v Kazahstane i za rubezhom i sravnenie tendencij ego razvitiya* [Priority Aspects of the Implementation of STEM Education in Kazakhstan and Abroad and Comparison of Development Trends]. *Bulletin of the Moscow University. Series 20: Pedagogical education, 2021* — No. 4. — P. 87-98 (in Russian).

Hmelo-Silver C.E., et al. (2007). Scaffolding in problem-based learning. *Educational Psychologist*, 42(2). — P. 99–107. (in English).

Kolb D. (1984). *Experiential Learning*. Prentice Hall. <https://doi.org/10.4324/9781315239088> (in English).

Verbickij A.A. *Teoriya i tekhnologii kontekstnogo obrazovaniya: Uchebnoe posobie* [Theory and technologies of contextual education: A textbook] – M.: MPGU, 2017. — 268 p. (in Russian).

Koehler M.J., Mishra P. (2013). What is technological pedagogical content (TPACK)? *JOURNAL OF EDUCATION.* – 2013. — Vol. 193(3). — P.13-19 https://www.researchgate.net/publication/260281100_What_is_technological_pedagogical_content_TPACK (in English).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Подписано в печать 27.04.2026.

46,0 п.л.

Заказ 2.